

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи университеті

университет студенттерінің үні

№ 15 (509) 18 қазан 2021 жыл



ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ЕГІЗ

Содан шығарған қорытындым: Біз орыс тілді аудиториядағы мұғалімдердің өздерінің өз ұлтына құрметін, сүйіспеншілігін, білім берудегі сауаттылығын, әділдігін және принципшілдігін жөндейміз керек.

3 БЕТТЕ

ТАУ ТҮЛҒА

Ұстаздық қызметіме де қырық жылға жуықтап барады. Журналист-шәкірттеріміз еліміз бен шетелдік БАҚ-да қызмет етіп жүр. Шүкір, ізбасарлардан кенде емеспін. Біздің бөлімімізде керемет талантты ізбасарларымыз бітіріп шықты. Олар тек Қазақстанда ғана емес, түркі дүниесінің барлық елдерінде деуге негіз бар. Қазірдің өзінде өзімізден түлеп ұшқан екі шәкіртіміздің «Болашақ» бағдарламасымен Америкада білім алып жүргенін мақтанышпен айтуға болады. Ғылым жолында жүрген шәкірттеріміз де баршылық.

4-5 БЕТТЕРДЕ

“БӨРТЕ” - ТҮРКІСТАН ТЕАТР САХНАСЫНДА

Қазақ сахнасында ұмыт болған тарихымызды жаңғыртып, көрерменге көркем түрде бейнелеуші театр саңлақтарының өнері жүректі жібітіп, денені тітіркендіріп рухымызды көтерді. Спектакльде Моңғол империясының XIII ғасырдағы атмосферасына еніп, сол уақыттың тарихымен тыныстадық. Сондай-ақ, қойылымда Шыңғыс ханның жұбайы Бөрте ханымның драмаға толы, тартысты өмірі бейнеленді.

6 БЕТТЕ

Оқу ордамызда филология ғылымдарының докторы, профессор Сейдулла Садықовтың 70 жасқа толуына орай «Ел Тәуелсіздігі және ұлттық журналистиканың өзекті мәселелері» тақырыбында Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференция өтті.

Конференцияға профессор Б.Сердәлі модераторлық етті. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің ректоры Ж.Темірбекова, сонымен қатар келген қонақтар мен әріптестері ұстаз-ғалымды құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Пленарлық мәжілісте регламентке сәйкес баяндамашылар «Медиа сауаттылық», «Ұстаздық пен шығармашылықты түйістірген ғалым», «Орта түрік тілі және түрік өркениетінің әлем ақпарат жүйесіндегі рөлі», «Жаңа медианың дәстүрлі медиаға ықпалы» тақырыптарында баяндама жасады. Ұстаздықпен қатар журналистикадағы өзекті тақырыптар бойынша зерттеулер жасап жүрген ғалым Сейдулла Садықов мерейтойына арналған конференцияға келген еліміздің жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларына, Түркия және Өзбекстан ғалымдарына, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге алғысын білдірді.



Жуырда университет ректоры Жанар Темірбекова Алматы сапары аясында Еуразия ғылыми-зерттеу институтында болды.

Сапар кезінде институт директоры, доцент, доктор Вакур Сүмер Еуразия ғылыми-зерттеу институтының академиялық қызметі мен болашақтағы зерттеулері туралы ақпарат берді. Институт зерттеулерінің Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің миссиясы мен ұстанымына сәйкес жалғасатынын мәлімдеген доцент, доктор Вакур Сүмер, аймақтану бойынша төрт тілде ғылыми басылымдар жариялау арқылы, әсіресе, түрік және ағылшын тілдеріндегі зерттеулер мен әдебиетке үлес қосқанын мәлімдеді.

Ректор Жанар Темірбекова институт зерттеулерінің маңыздылығына тоқталып, академиялық іс-шараларды қалың көпшілікке жеткізу бойынша өз пікірі мен ұсыныстарын білдірді. Осы орайда ол институтта дайындалған журналдар мен басқа да басылымдарды насихаттау оң нәтиже беретінін де жеткізді. Осылайша ректор ғылыми ортада өзіндік орыны бар институт жұмысы көптеген мекемелер мен ұйымдарда, әсіресе Қазақстан мен Түркияда бұқаралық ақпарат құралдарында және оқырмандар арасында танымалдығы арта түсетінін айтты. Доцент, доктор Вакур Сүмер құнды ұсыныстары үшін оқу орда басшысы Жанар Темірбековаға алғысын білдіріп, осы және басқа да тақырыптар бойынша қажетті барлық зерттеулер жүргізілетінін мәлімдеді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ АТАНДЫ

Жуырда оқу ордамыздың «Бейнелеу өнері» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к, қауымдастырылған профессор Әуелбеков Ержан «Қазақстанның үздік ғылым кандидаты» атты республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Білім және ғылым саласына қосқан айрықша еңбегі және «Қазақстанның үздік ғылым кандидаты» атты байқаудың жеңімпазы атанғаны үшін «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен қолға алынған Республикалық

«Үздік педагог» жобасы аясында шығарылатын «Қазақстан Республикасы үздік ғылым кандидаттарының энциклопедиясы» атты ғылым жолындағы педагогтардың кітап жинағына Ержан Бураханұлының да өмірдегі енгізілді.

Айта кетейік, бұл байқау Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламасын білім беру ұйымдарының педагогтары арасында кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған болатын. Топ ішінен дара шығып жеңімпаз атанған ғалым, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі Ержан Бураханұлының жеңісімен құттықтаймыз.



СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ

ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ БІЛІМГЕР? немесе жұмыс пен оқуды ұштастыру

Жалпы, адамның күнделікті күн көрісіне қыруар қаржы кететіні құпия емес. Қазіргі әлеуметтік жағдайға қарап сіз де бізбен келісер едіңіз. Себебі, әлеуметтік жағдай күрделеніп, күннен күнге қымбатшылық қысып барады. Осындай әлеуметтік ортада студенттердің өмір сүруі қаншалықты қолайлы? Шәкіртақы студенттің өмірін толықтай қамтамасыз ете ала ма, әлде студенттер қосымша жұмыс істеу арқылы ақша табуы керек пе? Қайтпек керек?

Мен өзім де студентпін. Бүгінде университеттің журналистика мамандығы бойынша 3-курста білім алып жүрмін. Түркиялық квота бағдарламасымен 4 жыл ақысыз оқимын, бірақ шәкіртақы берілмейді. Бұл ретте мен өзімді де мысалға алып қарауыма болады. Өйткені менің ай сайынғы келіп тұратын тұрақты табыс көзім жоқ. Ата-анама тәуелдімін деп те айтуға болады. Мұндай жағдайда шынында да жұмыс істеуге деген мұқтаждық туады. Қазіргі уақытта жұмыс істеп жүрген студенттерді жиі кездестіреміз. Мұндай таңдау жасау оқу ақшасын төлеу, ата-анасына көмектесу қажеттілігінен туса, кейбір білімгерлер қаржылық жағынан тәуелсіз болғысы келеді. Кейбірі тәжірибе жинау, қарым-қатынас орнату мақсатында жұмыс істеуді көздейді. Қалай болғанда да, оның себебі маңызды емес, бастысы жұмысты оқумен қатар ұстап жүре алу.

Алайда, адамдардың барлығы бір бұлақтан су ішпейді. Әркімнің өз пікірі бар. Осы мақсатпен студенттер және оқытушылармен тілдестік. Сөйлесу барысында шәкіртақы алмайтын студенттердің басым бөлігі жұмыс істейтініне көз жеткіздік. Солардың бірі **Жансаяның** (есімі өз өтінішімен өзгертілді) тақырыпқа байланысты пікірі мынадай:

— «Мен студентпін, шәкіртақы алмаймын. Отбасымда менен басқа үш бала бар, үйдің үлкені болғандықтан ата-анама жәрдемдесу мақсатында жұмыс істеуім керек. Дәл қазір аспаздың көмекшісі болып жұмыс істеймін, күндігіне үш-төрт мың теңге қолыма тиеді. Мұның өзі көп болмаса да, керегіме жетіп жатыр. Сол себептен, дәл қазіргі сәтте жұмыс істеп жүрмін. Сабағымды жұмыстан босаған кезде оқып аламын, үлгерімім төмен емес. Ширақтығымнан, яки, етім тірі болғандықтан болар, әзірге екі істің басын бірге алып жүрмін».

Осындай ойдағы студенттердің бірі тек Жансая емес. Басқа жұмыс істеп жатқан жастардың да санасында осындай ой қалыптасқан. Бұл да дұрыс, ата-ананың мойнына жүк болмай, керісінше сол жүгін көтерісер бір жәрдемші болғанға не жетсін?! Алайда, қазіргі уақытта студенттердің көбінесе атқаратын жұмыстары даяшылық, немесе сатушы деген секілді жалақысы аз, кәсіби талаптары төмен жұмыстар. Бұл студенттердің жұмыс іздеу кезіндегі ең үлкен қателіктері, себебі жоғары оқу орнын бір мамандық бойынша оқып жатқан болашақ маман ретінде университет студенттерге көптеген мүмкіндіктер беріп жатыр. Студенттер тәжірибе өтуге барғанда, жақсы жағынан көзге түскен жастарды жұмысқа алып қалып жатады. Бастысы студенттің ынтымағына байланысты. Егер, ол өз мамандығы бойынша жұмыс істеп, шеберлігін арттырамын десе, ешкім бетінен қақпайды. Қоғамды өзгертуге үлес қосамын дейтін жастар бар күш-жігерімен білімге берілсе, олардың сатушы, даяшы немесе еден жуушы болып қызмет атқаруының қажеті болмайды.



Дұрыс ізденетін болса өз мамандығын бойынша жұмыс табуға болады. Біріншіден, студенттің өзіне үлкен тәжірибе, екіншіден болашақ мамандығына жақындай түседі.

Сонымен қатар студенттерден бөлек оқытушылардың да пікірі бізді қызықтырды. Солардың бірі кафедрамыздың білікті маманы, магистр оқытушы **Тәжібаев Ғалымжан**:

— Сабаққа кедергі келмесе жұмыс істеуде тұрған ештеңе жоқ. Мамандығына қатысты жұмыс болса тіптен жақсы. Ол кезде сабаққа қатысуын жеңілдікпен қарауға болатын шығар.

Менің түсінігімде студент жалындап тұрған жас буын, кез-келген іске икемді, оқуды да, жұмысты да қатар алып жүруге қауқарлы. Бірақ, жұмыс істеймін деп, студенттік өмірдің қызығынан да бас тартпау керек шығар. Тұлға ретінде өзін жетілдіріп, білім көкжиегін кеңейтетін сәт те осы студенттік кез. Студенттік дәурен қайта айналып келмейтін ұмытылмас шақ. Жоғарыда айтып өткендей әркімнің өз ойы, өмірі, шешімі бар. Жұмыс істеу немесе істемеу студенттің өз еркінде, әрине.

Жаннұр МҰСАЕВА,
3-курс студенті

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА 300-ДЕН АСТАМ ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЕНГІЗІЛДІ

Оқу жылының басынан бері қазақстандық жоғары оқу орындарында 300-ден астам жаңа білім беру бағдарламасы енгізілді. Олар еңбек нарығындағы заманауи сұраныстар мен жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарына сәйкес бейімделіп әзірленген.

Жаңа оқу бағдарламалары бойынша болашақ инженерлерді, құрылысшылар мен педагогтерді, менеджерлерді, экономистер мен заңгерлерді және басқа да мамандарды оқытады. Мәселен, «Ядролық медицина», «Smart City технологиялары», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Білім берудегі физика», «Ғылыми тарих», «New media», «Тау-кен ісіндегі 3D модельдеу инженері», «Наноматериалдар және нанотехнологиялар» мен басқа да жаңа бағдарламалар бойынша.

Бұдан басқа, IT-мамандарға деген сұраныстың артуына байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласында да жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді. Жаңа оқу жылынан бастап университеттер «Big Data Analysis» (ауқымды деректерді талдау), «Жасанды интеллект технологиясы», «Криптология», «IT-құқық», «Digital Engineering», «Робототехникалық жүйелер», «Data Science», «Киберфизикалық жүйелер», «Роботтандырылған пилотсыз ұшу аппараттары», «IT-менеджмент», «Цифрлық экономика» сияқты бағдарламалар бойынша мыңдаған болашақ бағдарламашыларды оқытады.

Айта кетейік, 2021 жылы АКТ саласындағы мамандарды даярлауға 10 мыңға жуық грант бөлінді, бұл 2018 жылмен салыстырғанда екі есе көп.

«Соңғы жылдары Қазақстанның еңбек нарығында IT-мамандарға сұраныстың күрт өсуі байқалады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар өмірдің барлық саласына енгізілген. Жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын қазіргі талаптарға сәйкес келетін білім беру бағдарламаларын әзірледі. Білім беру бағдарламаларын енгізу барысында жоғары оқу орындары жұмыс берушілердің пікірлері мен сұраныстарын ескерді. Мысалы, жұмыс берушілер ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша кадрлар даярлау қажеттілігі туралы хабарлады. Жаңа бағдарламалардың басты артықшылығы — олар еңбек нарығында қажет практикалық білім алуға бағытталған. IT бағыты бойынша көп жаңа бағдарлама бар. Мәселен, IT-құқық, IT-медицина», деді ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

Сонымен қатар жоо-лар IT-компаниялармен — болашақ жұмыс берушілерімен ынтымақтастық орнатуда. Дуалды оқыту белсенді түрде енгізіліп жатыр, студенттер оқу уақытының 40%-ын кәсіпорындарда өткізеді. Өз кезегінде студенттер жаңа білім беру бағдарламаларына оң баға беріп, оларды әзірлеу кезінде практикалық білімге баса назар аударылғанын атап өтті.

Айта кетейік, барлық жаңа білім беру бағдарламасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін ҚР БҒМ қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне қойылатын талаптарды өзгерткен болатын. Жаңашылдықтар мамандықтарға байланысты енгізіліп, жоғары білімнің тәжірибеге бағытталуын күшейтуге бағытталған. Жоғары оқу орындары жұмысқа тәжірибелі мамандарды тартуға мүмкіндік алды.



БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ЕГІЗ

Орыс тілді ғалым мен қазақ тілді қыздың сөздері жүрекке әсер етті. Өз ана тілінде сөйлегісі келмегені аздай, бажылдап отырған ер азаматтың болмысы көңілімді түсірді, ойым онға бөлініп, ұлтымыздың бетке ұстары болар азаматтың мына сиқы түңілдіріп жіберді. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы», - деген әл Фараби бабаға тағы бір рет тағзым еттім. «...кемшілігі болса, оған замандастарының бәрі виноват», - деген Абай сөзі ойға оралып, тағы ойға баттым. Оның үстіне, мұғалімдер күні тойланып, небір асыл сөздер ақтарылып, ұстаздардың мерейі көтеріліп жатыр. Ал, мұғалімнен, небір ғалымдардан білім алған, бірнеше диплом иесі азаматтың сөздері анау...

Мұғалім болып жүрген, өзге тілді аудиторияда сабақ беріп жүрген кездерімді еске алдым. Ол кезде жас едік, қандай қате жібердік, нені ескермедім, енді қазіргілерге айтарымыз бар ма? Қазақ тілін сөйлемейтін, маған қазақша айтпа деп барқылдап отырғандарды біз тәрбиеледік қой. Олар қазақ тілінен сынақ тапсырғаны анық. Сонда оларды неге өткізіп жібереміз, неден қорқамыз? Сол кезде тоқтатсақ, біраз кешігуі мүмкін, бірақ мынадай масқара болмас еді ғой.

Алғаш қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған жылдары техникумда орыс топтарында қазақ тілінен сабақ бердім. Орыс тілді балалар, әсіресе, өзге ұлттың балалары сабағымда түрлі қарсылықтар жасап бақты. Орыс тілінің мұғалімі оларға рухани жетекші болып жүргенін байқадым. Мен де іштей күреске дайындалдым. Енді ол топтағы орыс тілді қазақ балаларын пайдалана бастады. Бір қазақ балаға әртүрлі сұрақтар бергізіп, өздері жымыңдасып отырады. Бір күні: - Апай, сіз өз ұлтыңызды жақсы көресіз бе? - деп сұрады. - Әрине, өте жақсы көремін. - Онда неге паранжы кимейсіз? - деді. Паранжыны біздің ұлттың қыздары мен әйелдері кимеген ғой, оны мен неге киемін, - дедім. Енді бір күні: - Сіз қандай үйде тұрасыз? - деп сұрады. - Үш бөлмелі пәтерде, - дедім. - Неге киіз жапқан лашықта тұрмайсыз, қазақтар солай тұрған ғой, - деді. - Жоқ, қазақтар лашықта тұрмаған, Алтын ордаларда тұрған. Киіз үйдің салтанатына таң қалған орыс князьдері оны Алтын орда деп атаған. Сендер ондай үйлерді көрген жоқсындар, сосын сендерге дұрыс емес түсіндірген... дедім. Тамағымға бір нәрсе кептеліп тұрғандай болды, бірақ сыр бермеуге тырыстым. Бір бала: - Қазақтарға үй салуды орыстар үйреткен, сол үйлерде тұрып жатсындар, - деді. Терезеге қарап, айнала тұрған үш-төрт қабатты үйлерді көрсеттім: - Мынау ғой олардың салған үйлері, бұған лажсыздан тұрамыз. Сендерге қазақтар салған үйден көрсетейін, ертең Түркістанға, Ясауи кесенесіне барайық, - дедім. - Ол кесенені орыстар салып берген ғой, - деді. Мұғалімдері солай түсіндіріпті. Кесенеге бардық, алдымен сыртындағы орыс генералы зеңбірекпен атқылап, кесене жарылып, соған қойылған цемент тіреуді көрсеттім. Тарихын айтып бердім. Ішке кірген соң гид түсіндірді. Монша жабық екен. Өтініш жасап, моншаны аштырдым, ішкі құрылысының соншалықты қолайлылығына назар аудардым. Балалар барлығы ойланып қалды...

Келесі сабағымда әлгі бір ауыз қазақша сөйлемейтін бала кешігіп келді. Бұрын рұқсат сұрамайтын, Шіреніп барып, шалқайып отыратын. - Апай, кіруге бола ма? - деп төмен қарап тұр және «кешырыңыз» деп қояды. Алдыңғы партаға отырды. Ең төменгі деңгейдегі тапсырма беретінмін. - Маған басқа тапсырма беріңіз, мен қазақпын, - дейді. Бар бала таңырқап қарап қалыпты. Ол бала өзгерген соң, өзге тілді балалар тынышталып қалды.

Содан шығарған қорытындым: Біз орыс тілді аудиториядағы мұғалімдердің өздерінің өз ұлтына құрметін, сүйіспеншілігін, білім берудегі сауаттылығын, әділдігін және принципшілдігін жөндеуіміз керек. Бағдарламаны меңгермесе, басқа сабақтан жақсы деген желеумен дұрыс баға қоймау керек. Ол Қазақ тілі де толыққанды пән, оны да меңгеруге тиіс, меңгермесе үлгермеушілер қатарында қалуға тиіс. Бұған да бір мысал айтайын. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылған жылдары медицина, экология факультетінде орыс топтарына қазақ тілінен сабақ бердім. Ол кездері бағдарлама да, оқулық та жоқ кезі. Әртүрлі журналдардан, әдеби кітаптардан мәтін теріп, түрлі тапсырмалар дайындаймын. Көпшілігі қазақ балалары, бірақ тіл білу деңгейлері әртүрлі. Басқа ұлттар да бар, Саха елінен де үш төрт студент келді. Олар тілге қатты қызықты, тез меңгеріп алды. Қазақ балалар сұрақ сұрап, кейде қазақ сөздерінің этимологиясынан лекция болып кетеді. Сонда Саха студенттер де тыңдап отырады екен, басқа тапсырма берсем де, менің лекциямды тыңдайтыны қуантатын. Бір күні «бөрі» деген сөздің мағынасын түсіндірдім. Көне түркілер қасқырды солай атағанын айттым. Сөзім аяқталған соң Мирон Хаталыков: - Апай, қасқырды түркілер қалай атаған дедіңіз, - деп сұрады. - Біздер де «бөрі» дейміз деп мәз болды. - Елге барған соң өз тілімді үйренемін, өз тілімдегі әдебиеттерді оқимын, сізге уәде беремін, - дегені есімде. Ал, біздің тілге менсінбей қараған студенттер де болды. Медицина факультетінің үздік студенті Руслан Китаев осындай еді. Сабақта үнсіз отырады, тапсырмаларды қазақ тобындағы студенттерге орындатып, дәптеріне жазып қояды, өзі бір сөз айтпайды. Қанша икемдесем де болмады, тілді, ұлтты менсінбейтіні анық көрініп тұратын. Аралық бақылаулардың төмен баға қойып, ескерту жасадым. Екінші жылы мемлекеттік емтихан болатын еді. Ертең емтиханнан тапсыра алмай жатса, ескертпеді деменіздер, ол менің пәнімде еш жұмыс істемейді, - деп мәлімдедім. Шу болып кетті. Ай-

татындары: ол өте жақсы оқитын студент. Бір күні барлық екінші курс студенттерін жинап, мемлекеттік емтиханға байланысты жиналыс өткізді. Профессор, декан ағамыз студенттер алдында мені жамандай бастады. Мен сабақ өте алмағандықтан, ең қиын пәндерден өте жақсы үлгеретін студент үлгерімі нашар болып қалыпты. Ағамыздың бетіне аңтарылып қарап қалыппын. Осындай да әділетсіздік болады екен? Әлгі студент мәз болып отыр... Бір кезде залда отырған студенттер от қойғандай лап ете қалды. - Жоқ, олай емес, апайымыз жақсы өтеді сабақты, - деп орысша, қазақша шулап кетті. Орындарынан ұшып тұрып сөйлеп жатты. Қазір аты есімде жоқ, қазақ тобында оқитын бір қыз тұрып: - Ағай, бұл не, біз басқа сабақтан үлгермесек, осылай мұғалімді кінәлайсыз ба? бұл мұғалімнің жазығы қазақ тілінен сабақ бергені ме? Китаев оқымаса, демек, біздің тілді білгісі келмейді... Мен осыдан бес жыл бұрын медициналық институтқа оқуға түскенмін. Ауылдан келген қазақ баласымын бір сөзді қате айтып қалдым, сонда мұғалім: - Орыс тілін білмесең итсің, неге бұл жерге келдің? - деді. Мен сол сөзі үшін институтты тастап кеткенмін. Қазақ тобы ашылған соң қайтадан түсіп оқып жатырмын. Енді біздің күніміз туды, олар да білсін қазақ тілін. Апай, қазақ тілін білмесең



итсің деңіз сіз де, - деді. Зал шулап кетті. Декан ағайымыз жиналысты тоқтатып, студенттерді ерең басты. Жастар кәдімгідей қаны қызып, түгелімен мені жақтап кетті... Сол Китаев мемлекеттік емтиханнан «2» алды. Комиссия төрағасы да, мүше болып қатысып отырған декан ағамыз да өз көздерімен көрді. Ешнәрсе істей алмады.

Мен көп байқаймын, өзге тілді аудиторияда сабақ беретін мұғалімдер өз пәнін өзгелер сыйламағанына жандары ауырмайды. Өздерінің жандарының тыныш, жалақы алып жүргендеріне мәз. Бұл - ұлтқа опасыздық. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері, әсіресе, орыс тілді қазақ балаларына барынша мейірімді, барынша қатал, барынша әділетті болуға тиіс. Ол бала - ұлттың бір бөлшегі, ол өз ұлтынан бөлінбеуге тиіс. Оларды шошытпай, ренжітпей, өз ұлтының қасиеті мен рухына икемдеу керек. Оның қазақ екенін өзі мойындайтын, соған бет бұратын кезге дейін тынбай еңбек ету керек. Ол бала емес, ұлттық санадан махрұм қалған ата-анасы кінәлі, ата-әжесі кінәлі. Ол үйде қазақ дүниетанымынан мүлдем дерек жоқ. Оның санасына саңылау түсіру керек. Мүмкін ата-анасы баласының өзгерісі арқылы ұлтқа бұрылар...

Астанада осындай қазақтарды көп көремін, жек көрмеймін, жаным ауырады. Осылардың санасына жарық түсірер бір хикмет тапқым келеді... Әрине, олар өздерін менен жоғары қойып кетіп бара жатады, ал мен оларды аяймын. Өзін-өзі танымайтын жан кімге қадірлі болмақ, бірақ олар оны әлі сезінбейді...

Жанымгүл КАМАЛОВА,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

СҮБЕЛІ СҰХБАТ

ТАУ ТҰЛҒА

«Тау алыстаған сайын биіктей түседі» деген даналық шын мәнінде асқар таудай азаматтарға айтылғандай. Елі үшін өткен еңбегі еленіп, ел аузында аңызға айналған ағаларымыз аз болмаған. Әсіресе, қоғам, халық деп жар құлағы жастыққа тимей еңбек еткен ағаларымыздың атын алтынмен жазсақ та, артық етпес. Алтынмен атын жазар болсақ, тағлымды тағдыры мен өнегелі өмірімен үлгі болған Сейдулла Садықұлының есімін атауға болады. Журналистиканың майын ішіп, жілігін шаққан, талай түлекті қанаттандырып, ұстаздық етуден жалықпаған тұлғамен сұхбаттасудың сәті түсті. Журналист, қаламгер, ұстаз, қоғам қайраткері Сейдулла Садықұлымен сүбелі сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

– Сейдулла аға, еңбек жолыңыз журналистикадан басталғаны мәлім, Шерханша айтқанда «жаңтақ жегізген» журналистикадағы сара



жолыңыз туралы айтсаңыз.

– Мырзашөл өңіріндегі негізінен мақта өсірумен айналысатын Мақтарал, Жетісай және Киров аудандары Өзбекстанға қарайтын. Кеңестік заманда шекара болмайтын. Кеңес азаматысың ба, Одақты емін-еркін шарлай бер. Ұлтына, ұлысына ешкім де бөліп жатпайтын.

Өзбекстанның астанасы – Ташкент шаһары жүз шақырымнан сәл асса керек. Автобуспен бір жарым сағаттық жол. Ал, облыс орталығы саналатын Сырдария қаласы Мақтаралдан отыз шақты шақырымдай ғана жерде. Бұл қаланың негізгі тұрғыны – ала тақиялы өзбек ағайындар. Мұнда Ғафур Ғұлам атындағы Сырдария педагогикалық институты болатын, онда қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына да студенттер қабылдайды. Мектеп бітіргеннен кейін сенделіп бос жүрмейін деп осында құжат тапсырғаным бар. Емтихан болатын күнді асыға күтіп жүрмін. Бір күндері ауылға бір бейтаныс кісі келді. Аудан орталығы – Бағарадан мені іздеп келіпті. Аудандық «Коммунистік еңбек» газетінің тілшісі Дүйсенбай Андасов екен. Газет редакторы мені шақыртқан екен. Бағара біздің ауылдан жиырма шақырымдай жерде. Автобуспен отыз тиынмен барасың. Сонымен үйге келген тілші екеуіміз Бағараға тартып кеттік.

Мені редактордың кабинетіне кіргізді. Артқа қайырылған шашын қырау шала бастаған егде кісі екен. Сәлемімді жылы қабылдап, бетіме күлімсірей қарады. Сол жерде алғашқы еңбек жолым басталды. Осылайша, еңбек кітапша ашылып, тұңғыш рет «Киров аудандық «Коммунистік еңбек» газетіне әдеби қызметкер болып қабылданысың» деген жазу түсті. Бұл 1968 жылдың 31 шілдесі еді.

Арадан төрт жыл өткенде ҚазМУ-дің Журналистика факультетіне оқуға түстім. Қызығы мен қиыны мол кезеңдер өте берді. Жазуымды тоқтатпадым. Қаламым ұштала түсті.

Арадан жылдар өткенде, Алматы облыстық «Жетісу» газетіндегі қызметімде де аудармаға бейімділігімді таныттым. Газеттегі көңігі аудармашылар Жанәбіл Темірбеков, Ислам Бейсебаев, Жұмаш Арғынбаев ағалардың қатарына қосылдым. Облыстық газетте де бас мақала жазу құрметіне ие болдым. Дүниелерім газеттің барлық жанрларында жарияланып жатты. Мұның негізі аудандық газетте тілші болып жүргенде қаланғанын қимастықпен еске аламын. Осылайша, аудандық, облыстық газеттердің қара қазанында қайнардай-ақ қайнадым. Ұзақ жылдық қызметтік тәжірибеден түсінгенім, журналистің бойында бесаспаптық қасиет болу керек. Сонда ғана өз ортаңда кеуденді тіп-тік ұстап жүре аласың. Сөз өнерінің қараторысы екеніңді терең ұғынсаң ғана сені әріптестерің мойындайды, құрмет-қошеметке

беленесің.... Бұл бір бұралаң-бұлтартысты қиын жол. Журналистика әлеміндегі жарты ғасырдан астам мерзімде осынау қасиетті жолда абыроймен жүріп келе жатқаныма шүкіршілік етемін!

1969 жылы күзде Комсомолдар күні мерекесіне орай аудандық комсомол комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталдым. Мектепте де үздік мақта теруші оқушы ретінде бес грамота алғаным бар. Апамның қуанышында шек болмады, әрине. Зейнолла тақтайдан жасап берген рамкаларға салып, төрге қаз-қатар тізіліп іліп қойғаны бар.

– Сол сырға толы күндерден естелік қалды ма есіңізде?

– Ия, аудандық газет қызметіне төселіп кеттім. Тілші ретінде танылып қалғандаймын. Иссапарға жиі шығамын. Сын материал да жаза бастадым. Редакцияға келген арыз-шағымды тексеріп келуге жібереді. Ауылдардың айтса таусылмайтын проблемалары ғой. «Жұмыстан заңсыз шығарды» дейді. «Мақталықта тынығатын жер жоқ» дейді. «Бригадир балағаттап, боқтады» дейді. «Мақталықты су алып кетті» дейді. Өзімің ауылым «ХХ партсъезд» совхозынан жазған хатта «Газет-журнал, хат-хабар уақытылы таратылмайды, пошта жұмыс істемейді» делініпті. Дұрыс мәселе көтерген. Поштаның ауылды айына бір-екі рет ғана аралайтынын жақсы білемін. Орталықтағы поштаның бастығы Байдүйсен деген кісі болатын. Иссапармен келіп, шағым хатты көрсеттім. «Жазған кім?» деп, ентеледі. «Айтуға болмайды» дедім. Домалақ арыз болатын. Шындықты жазған. «Кемшілікті түзетеміз» деп, пошта бастық ант-су ішті. Кінәлі адамдардың дәл осылай ант-су ішетіні белгілі. «Кемшілікті қашан түзетеді» деген тақырыппен газетке сын мақала шықты. Артынша пошта бастықты орнынан алыпты деп естідік. Әңгіме осымен тынса мейлі ғой....

Бірде «Мақталы» совхозындағы жаңадан ашылған ауруханада иссапармен болдым. Көтеріңкі көңіл-күймен үлкен жол бойындағы автостанцияға келдім. Түс ауған мезгіл. Жүргіншілер қарасы көп емес. Бағараға баратын автобусы күтіп тұрмын. Жаныма екі жігіт келді. Менен әлдеқайда ересектеу. Жүздері қатулы. Ойымда дөңеңе де жоқ.

– Сен Сейдулланың ба?! – деді аяғын сылтып басатыны тәсіле қарап.

– Бұл соның өзі ғой, – деп екіншісі мені білетін кейіппен.

– Иә, менмін, – дедім бейқамдықпен.

– Мә, сен болсаң! – деген біріншісі тұмсығымнан бір перді.

Қолы зілдей екен. Құлап түстім. Төпкілей жөнелді. Қос қолыммен бетімді қорғаштап жатырмын.

– Уә, әкеңнің... Иттің ғана баласы, – деп жатыр төпкілеп жүргеннің біреуі. – Ағам Байдүйсен туралы мақала жазған сенсің ғой. Мен саған мақала жазғанды көрсетейін....

– Әй, өлтіретін болдыңдар ғой сорлы баланы, – деп орта жастағы әйел араша түсті. Екі-үш ер адам оған болысты. Батылдауы болса керек, екеуіне жудырық ала жүгірді. Дымдары құрыған екеуі жөндеріне кетті. Мені шырылдап қорғаған апай автобусқа билет сатушы екен. Үстімді қақты. «Ана арықтан жуынып кел» деп қолыма сүлгі берді. Еріннен тамшылаған қанды әрең тоқтаттым. Екі тісім қатты босап қалыпты.

Көкала қойдай күйімде редакцияға жеттім. Болған жайтты айтып едім, үдеріп кетті.

– Иттер-ай, – деп, Данияр ағай кішінді.

– Абайлап жүру керек, – деген Нәлібек ағай маған мүсіркей қарады.

– Сын мақаланы жиілетіп кетіп едің, – деді төрт-бес жас үлкен Құттығыз. – Өзіңе де сол керек....

– Милиция бастығына айтып, бұзақыларды ұстатамын, – деп, көріне мінді редактор Кәрім Әсілов.

– Бір совхозданбыз ғой, ағай, – дедім жалынып. – Елді шулатпай-ақ қояйық.

Өзім арыз жазудан бас тартып, редакторды милиция бастыққа айтпауға көндірдім. 1970 жылдың күзі. Аудандық газетте қызмет еткеніме де екі жылдан асты. Әскер қатарына шақырылдым. Отан алдындағы азаматтық парызымды өтеуге тиіспін.

Пластинка қойып тыңдайтын радио алғаным. Халық әндерін беріле тыңдаймын. Жүсіпбек пен Ғарифолланың шырқата салған әуезіне елтімін. Гүлбаршын Ақпанова салған әндерді қайта-қайта қоймын. Әскер қатарына шақыру қағазын алғаннан кейін Огинскийдің «Полонезін» («Прощание с Родинной») бар дауысымен қойып тыңдайтын «кеселге» ұшырадым. Тетя Маша да қосыла тыңдайды. Көбіне жылап отырады. Мен көз жасымды көрсетпейін деп есік алдына шығып кетемін....

Әскерге Өзбекстанның Гүлстан қаласынан аттандық. Ауданнан үш қазақ баласымыз – Бақыт, Әбілқасым және мен, қырықшақты өзбек балалары – Сырдария облысының өзбек аудандарынан.

Краснодар өлкесінде Кореновск деген шағын қала бар. Әскери бөлімше осында. Солдаттық өмір. Үш ай карантинде болдық. Әскери ант бердік. Жүректер лүпілдеп, толқыдық, тебірендік. Октябрат, пионер, комсомол болғанда да қатты толқғаныбыз. Жетпісінші жылдардың ұландары осындай едік. Елімізді, жерімізді, ауылымызды, Отанымызды шексіз сүйетінбіз. Отан үшін отқа да, суға да түсуге дайын болатынбыз. Біз осылай тәрбиелендік.

Жауынгер Калышевтің суретшілік шеберлігіне таң қалдым. Ойыңды, идеяңды қағып алып, газетке өрнектеп түсіреді. Мақтаулы жауынгерлерді Давыдовпен келістік. Орысша аударылған негізгі материалдың тақырыбын «Судьба Родины в надежных руках» деп

қойған едім. Виноградовқа ұнады. Менің аудандық газеттің тілшісі болғанымды білген соң «Молодец, корреспондент» деп арқамнан қақты. Сонымен не керек, ұзындығы төрт метрдей болатын қабырға газеті қабырғаға ілініп, мерейіміз өсіп, абыройымыз әй бір асқақтады-ау! Отрядтағы жүз жиырмаға жуық офицерлер мен солдаттар таң-тамаша қалды. Ертеңіне командир Виноградов таңертеңгі сапта тұрған жауынгерлер алдына Калышев пен мені шығарып, алғыс жариялады. «Служу Советскому Союзу!» дедік тебіреніс үстінде тұрып....

Қабырға газетіндегі басты материал біраз уақыт бұрын «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1971 жылғы 9 мамырдағы номерінде «Жауынгер жазбалары» айдарымен «Отан тағдыры сенімді қолда» деген тақырыппен жарық көрген болатын. Редакция газет номерін жіберген еді.

– Өмірдерегіңізде «Жетісу» басылымы туралы көзім шалып қалды. Айтарыңыз бар ма?

– «Жетісудағы» қызмет жылдарында газеттің барлық жанрларында қалам тарттым десем асылық бола қоймас. Нөмірге баратын материал-құжаттарды орысшадан қазақшаға аударумен де айналысатын болдым. Бұл басшылық тарапының сенгені еді.

Бір апта кабинетімде, бір апта иссапарда болу қалыптасқан дағдыға айналды. Арыз-шағым тексеру, әртүрлі салалар бойынша рейдтер ұйымдастыру, кәсіпорындардың, шаруашылықтардың, ауыл тұрғындарының толғандыратын өзекті мәселелері тұрғысында «Проблема. Пікір. Ұсыныс» айдарымен проблемалық мақалалар, жер-жерде орын алып отырған келеңсіздіктер тұрғысында сын мақалалар жазу журналистік қызметімдегі қалыпты шаруаға айналған. «Ойластыратын жайлар бар», «Шешімін күткен істер көп», «Судың сұрауы үлкен», «Санта-Гертруда тағдыры толғантанды», «Қағаз жүзінде қалған бұйрық», «Шаруашылыққа жанды көмек қажет» деген тақырыптармен қордаланып қалған проблемаларды көтердім. Ауыл шаруашылығы мен ауыл өміріндегі былық-шылықтар жайлы жарық көрген бірқатар сын мақалаларымыздың тақырыптары атойлап тұрды: «Сын сағатта серпін керек», «Кінә де, кінәлі де көп», «Шығын көп, пайда жоқ», «Жалған ақпармен іс алға баспайды», «Қауырт шақта қарқын қажет», «Шалағайлық шырмауында», «Есеп-қисаптағы былықтар», «Көрсеткіш неге құлдырап барады?», «Әзірлік ала-құла», «Тағы да дірдек қаға ма?», «Сөз көп, іс жоқ», «Комплекстегі келеңсіздіктер», «Жауапсыздық орын алған жерде», «Құлдырау сыры неде?», «Шаруаға қырсыздық белең алғанда», «Қағаз жүзіндегі халық жасақшылары».

Жалынды публицистика жанымыды тербеді. Орда бұзар отыздан асқан жасымда толғанып, тебіренуге хақым бар еді. Бейбіт елдің бір азаматы, журналист ретінде «Бейбітшілік жылы бол адамзатқа» деп жар салғым келді.

– Жарты ғасырға жуық үздіксіз ұстаз болып келе жатырсыз. Ұстаздық етудің өзі қиыны мен қызығы қатар жүретіні аңыз. Сол мехнаты мол жылдар туралы ой бөліссеңіз.

– Мен ұстазбын. 1977 жылы Журналистика факультетін бітіргеннен кейін кеңестік дәуірдегі тәртіп бойынша Қазақстан КП Орталық Комитеті Насихат және үгіт бөлімінің жолдамасымен Алматы облыстық «Жетісу» газетіне қалдырылып, мұнда он жылдан астам уақыт қызмет еттім. 1987 жылы өзім білім алған қара шаңыраққа оқытушылыққа қабылдандым. 1994 жылы қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне шақырылып, Журналистика бөлімін ашуға басшылық жасадым. Содан бері осындамын. Білім ордасының профессорымын. Сөз орайы келгенде, былай дегім келеді: жоғары оқу орнында жүрген оқытушы ғылыммен міндетті түрде айналысуы керек. Өзінің таңдаған саласы бағытында қаншама күш-жігер жұмсауына тура келеді. Мен мұны өз басымнан өткізген адаммын. Докторлығымды тоғыз жылдай жаздым, оны қорғауға алты жыл уақыт кетті. Бірде Ташкентте докторлық қамымен қиналып жүргенімде бір өзбек профессоры «Ака, алпыстан асып барады екенсің, сізге докторлық неге қажет?» деп сұрақ қойған-ды. Сонда не деп жауап бергенімді айтайын: «Ия, жас емеспін, дегенмен мен де дүниеден өтемін, сонда артымда қалған ұрпағым «Атамыз доктор болсаң» деп мақтаныш етсе деп ойлаймын. Бұл сөзге өзбек профессоры не дерін білмеді. Осыдан кейін менің қорғауым жылдам жүре бастады. Сондықтан да, ғылым жолындағы жас әріптестеріме айтарым, қиналыс осындай болады. Қара дауылға қаймықпай қарсы тұра білу керек!...

– Ғылым жолындағы толымды еңбектеріңіз, публицистикада жазған жазбаларыңыз қазақ елінде ғана емес, таяу шет мемлекеттердің де журналистикасында өзекті тақырыптардың қатарында. Кейінгі жазбаларыңыз, ғылыми еңбектеріңіз, жаңалықтарыңызбен бөліссеңіз.

– Ғалым ретінде де шама-шарқымша ұлтыма қызмет етіп келемін. Олай дейтінім, кандидаттық диссертациямды 1992 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің Журналистика факультетінде «Аграрные преобразование в Казахстане и печать» деген тақырыпта 10.01.10 – Журналистика мамандығы бойынша қорғадым. Ал докторлық диссертацияны 2012 жылы Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінің филология

ТАУ ТҮЛҒА

факультетінде 10.01.10 – Журналистика мамандығы бойынша «Проблемы национальной идентификации и национальной идентичности в печатной прессе Казахстана (историко-филологические и методологические аспекты)» атты тақырыпта қорғап шықтым. Республика Білім және ғылым министрлігінің Бақылау комитетінде докторлық жұмысының баламалылығы танылды. Журналистика мамандығы бойынша Қазақстан мен Өзбекстанның ғылым докторы ғылыми дәрежелерім бар. Қай кезде де Журналистика мамандығыма адалдығымнан танған емеспін. 15 оқулық, монография, оқу құралдарым жарық көрді. 110-нан астам ғылыми-зерттеу мақалалардың авторымын. Кітаптарым еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында журналистика мамандығы бойынша оқытылады. Германияның академиялық баспасы көлемі 32 баспа табақ монографиямды тегін жарыққа шығарды.

– «Нағыз адам» болуды насихаттайтын позицияңыздан шаршаған сәттеріңіз болды ма?

- Жо, жоқ, шаршаған емеспін. Ең бастысы Азамат ретінде кеудемді тіп-тік ұстап келемін. Басымды тауға да, тасқа да соқтым. Сағым сынбады. Әділет жағында болуға тырысып келемін. Өтірік айтуға, көлгірсуге қақым жоқ. Жағымпазданып, жарамсақтана алмадым. Сондықтан да болар, талай таяқ та жедім. Түңілген кездерім де болды. Ешкімді сатпадым, сырттарынан ғайым сөз де айта алдым. Қолтығыма кіріп, жақсылығымды көргендердің өзі шімірікпестен сатқан кездер де аз болмады. Қазір де жанымда жүргендердің арасында екіжүзділердің, сатқындардың бар екенін білемін. Мұндайлар бұрын да болған, қазір де бар, ондайлардың бола беретіні де өмір заңдылығы.

- Тым қарапайымсың ғой-деген еді бір ағамыз. – Докторсың, профессорсың, лауреатсың. Өзіңдей ел ағасы жасындағыларды айтағанның өзінде қолына билік тиген, не шамалы дәрежесі бар жастардың өзі көкірек керіп, айналасындағыларға мұрын шүйіре қарайды. Сен болсаң үлкенмен де, кішімен де жалбақтасып жатқаның....

Ағамыз білген соң айтады да. Сүтпен сіңген мінез болар. Өйтеуір кісі болу қолымнан келмей-ақ қойды. Кей-кейде «Мен де көкірегімді керіп, кісілерше жүрейінші» деп пендешілікке салынатыным бар. Көшеге шықсам болды, таз қалпыма қалай түскенімді білмей қаламын. Үлкенмен де, кішімен де шүйіркелесе кетемін. Шәкірттеріммен мәре-сәре болып жатамын. Барым осы. Аузымнан негізінен «мақұл, орындауға тырысамын, уайымдама» деген сөздер шығатынын білемін. Лексиконымнан «Жоқ, болмайды» деген сөздер сызылып тасталса керек.

Өзімді өзім дәріптеп, ұпай жинағым келмейді. Бұған адал достарым, ақ моншақ шәкірттерім куә. Болашақ журналист-шәкірт тәрбиелеп жүрген біздің басқалай жолмен жүруге зақымсыз жоқ!

Азаматтық арымның алдында берер антым сол, шындықты, тек қана шындықты жазу және айту!

- Мен журналистпін. Жоғарыда айтқанымдай, мектепте соңғы сыныптарда оқып жүргенімде аудандық газетке хабар-ошарларым шығып тұратын. Он жылдықты бітіргеннен кейін ауылда сенделіп жүрген мені газеттің редакторы арнайы шақыртып алып, бірден әдеби тілшілік қызметке қабылдады. Бұл 1968 жылдың 31 шілдесі еді. Демек, қаламды серік еткеніме жарты ғасырдан асып барады. Сол қалам қолымнан әлі де түскен жоқ!...

– Сейдулла Садықұлы, Қазақстандағы ұлттық бірегейлік туралы пікіріңіз?

– Ұлттық санадағы терең өзгерістер республикада ұлттық идеяны жаңғыртудың тұтас бір жүйесін қозғалысқа келтірді. Осы процесті қамтамасыз етуде баспасөз қызметкерлеріне күрделі міндеттер жүктеліп отыр.

Республиканың ішкі және сыртқы өмірінің қат-қабат проблемалары бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін түбірімен өзгертуді талап етеді. Шынайы демократия туын желбіреті отырып, жариялылықты барынша өрістеті, ақ-адал сөйлей білу маңызды сипатқа ие. Бұл орайда журналистің баспасөз айбындылығын танытатын жаңаша саяси ойлау машығының концепциясы ауадай қажет.

Егемен Қазақстан Тәуелсіздігі, жүріп жатқан экономикалық және саяси реформалар, ұлтаралық татулық пен өзара келісім, қазақ халқының ауызбірлігін нығайту мәселелері, қоғам өмірінің басқа да күрделі әрі өзекті проблемалары ұлттық мемлекеттік идея негізінде ғана онды шешімін табады. Осы игі істің жемісті болуы оның басы-қасына жүрген журналист-публицистердің пайымына, адал еңбегіне, азаматтығына тікелей байланысты. Алда тұрған рухани жаңғыру аясындағы міндеттердің күрделілігі, кең ауқымдылығы мен жауапкершілігі қалам иелерін халықтың рухани сұранымына жоғары мәдениетпен, елгеzekтікпен қызмет етуді талап етеді. Осылай десек, журналистің жеке жауапкершілігін арттыру мәселесі бұрынғы қай кездегіден болмасын өткір қойылып отыр. Өкінішке орай, республика газет-журналдарындағы көптеген материалдар жаңа қоғам құрлысының баспасөзге қойып отырған талаптарына сай емес. Негізінен алғанда облыстық және аудандық газеттер беттерінде көпшілікке мәлім жағдаяттарды қайталап жататын бөлімдерге, материалдарға орын беріліп жатады.

Қаптаған ұлттық тәуелсіз газеттер беттерінде экономика, мәдениет салаларындағы жағдайды түзетуге бағытталған проблемалық материалдар аз. Барының өзі қанағаттандырмайды. Терең талдау, мәселенің байыбына бару тұрғысында журналистердің идеялық-саяси ой-өрісі жетпей жатады.

Өзіміз негізге алып отырған Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміз бұқаралық ақпарат құралдарының алдында тұрған міндеттер ауқымы нақты сараланған. Ұлтымыздың рухани жаңғыруы бағытындағы журналист қауымның атқаруы тиіс ізгілікті істерінің бағыт-бағдары асқан жауапкершілікті талап етеді. Бұл дегеніңіз, әлеуметтік институт саналатын журналистика жаңғыру кезеңіне қадам басты деген сөз. Бағдарламалық мақаладағы Президент ұсынған жобалардың қай-қайсысы болмасын Ұлы Далаға жоғалып етіп отырған Мәңгілік елдің жарқын болашаққа бастап, халқымыздың әлемдік өркениет көшінің белортасынан орын аларына арқау болары ешқандай да күмән келтірмейді. Осы орайда Елбасының «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи

«қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз» деген сөздері журналистер қауымын бей-жай қалдырмаса керек.

Қазақ халқының рухани жаңғыру аясында идентификациялық параметрлерін айқындауда, ұлттық құндылықтарды сарабалдықпен ой елегінен өткізуде журналистиканың алдында тұрған міндет ауқымы кең, жауапкершілік жүгі ауыр. Жоғарыдағы жазбаларымызды қорытындылай келе, бірқатар ұсыныстар беруді жөн санаймыз.

1. Жаһандану процестері ұлттық салт-дәстүр аясындағы бұрыннан қалыптасқан ұғым-түсіктердің орнына жаһандық сана мен жаһандық мәдениеттің белең алуына өкеліп соғуда. Алайда, сонымен бірге өзінің этномәдени ерекшелігін сақтауға бағытталған ұлттық идентификациялану процесі жалғасуда. Осыған орай журналистика мен публицистика ұлттық бәсекелестікке қабілеттілік және ұлттық біртектілік пен бірегейлік мәселелерін ұдайы басты назарда ұстай отырып, интеграцияланған ұлттық идеалдардың рухани жаңғыру жағдайында қоғамның мызғымас бірлігін сақтау позициясын берік ұстанымға айналдыруы тиіс. Бұл өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас қасиетін сақтау үшін, қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік, мәдени, рухани және саяси дамуы үшін аса қажет.

2. Ұлт пен ұлттық мемлекеттің өмір сүруі оның тәуелсіздігі мен бостандығына қауіп төндіретін, оларға өктемдік жасауға ұмтылатын, олардың ұлттық байлығын өз мүдделеріне пайдалануға тырысатын сыртқы қара күштерді туындатады. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары Тәуелсіз еліміздің одан арғы дамуын қамтамасыз ету мақсатында қазақ этносының Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жете ұғыну аясындағы ерік-жігерін тәрбиелеу жолындағы рухани жаңғыру жұмысын барынша жандандыра түсулері қажет.

3. Қазақстан қоғамының көпұлтты құрамы этникааралық қайшылықтардың пайда болу мүмкіндігін теріске шығармайды. Сондықтан да бұқаралық ақпарат құралдары ұлтаралық қатынастар мәселесіне байыптылықпен назар аударып, оны тұрақты даму мен өсіп-өркендеудің аса маңызды факторларының бірі ретінде қарастыру қажет.

4. Қоғамның кез-келген әлеуметтік институтының тиімділігі оның құқықтық сауаттылығы мен мәдени деңгейіне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан БАҚ өкілдерінің құқықтық санасын арттыра түсу керек.

5. Журналистиканың «төртінші билік» ретінде орнықтыру көп ретте оның мемлекеттік биліктің басқа да тармақтарымен қарым-қатынасына тікелей байланысты. Осы мақсатпен Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы БАҚ бойынша Қоғамдық Кеңестің жұмысын тұрақты жүргізіп отыру қажет.

6. Ұлттық сана мен ұлттық бәсекелестікке, ұлттық бірегейлік пен біртектілікке ұмтылыста ұлт тілі үлкен маңызға ие. Тәуелсіз мемлекеттің дамуы тілдің өркен жаяу түсуіне барлық жағдай туғызып отыр. Бұл процеске баспасөз белсене қатысуда. Қазіргі таңда қазақ тілді баспасөздің сапасын арттырып, оның тақырыптық аясын кеңейте түсу, оның Ресей мен орыс тілді Қазақстан баспасөзімен тең бәсекелесе алу мүмкіндігінің деңгейін арттыру қажет.

7. Қазақстан журналистикасы «Біздің мәдени, әлеуметтік және саяси өмірімізде ұлттық және мемлекеттік бәсекелестікке, ұлттық бірегейлікке ұмтылыста, қоғамдастық сезімін нығайтуда қандай кедергілер бар?» деген сауалға ұдайы жауап іздеп отыруға тиіс. Осыған жауап бере отырып, адамдарды біріктіретін, Қазақстан Республикасында өмір сүретін барлық халықтардың мақсат-мүдделерінің ортақтығын сезімін қалыптастыратын ең тиімді жолдары іздестіргені дұрыс.

8. Мемлекеттік бәсекелестіктің, ұлттық бірегейлік пен біртектіліктің ұлттық сана-сезімді дамытудағы маңызды факторы әрі дем берушісі екенін жете түсіну айрықша мән-мағынаға ие екенін естен шығармау қажет. Сонымен бірге ұлттық өзге халықтардың да ұлттық сана-сезіміне құрметпен қарауды парыз санау керек. Ғасырлар бойы азаттық аңсап келген қазақ халқының бағы жанды. Тәуелсіз ел болды! Осынау ұлан-ғайыр Ұлы Даланың бүгінгі ұрпақтары өздерін дербес мемлекеттің нағыз иесі ретінде сезінуде. Әлемдік өркениет көшіне ілескен еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары өздерінің бағыт-бағдарын нақты айқындады: шынайы демократия, сөз бостандығы, жариялылық, рухани жаңғыру республика баспасөзінің, радиосы мен телевизиясының күнделікті тыныс-тіршілігінің өзегіне айналды. Қазақ журналист-публицистері алты алаштың арман-мұңын жырылауға, күллі әлемге ұлтымыздың айбынын танытуға бағытталған ұлы үрдістің алғы шебіне шықты!

– Еткен ерен еңбектеріңіз, ғылым көкжиегіндегі жаңалықтарыңызбен бөлістіңіз. Енді артыңыздан өрген жас журналистерге, яки түлектеріңізге айтарыңыз?

- Ұстаздық қызметіме де қырық жылға жуықтап барады. Журналист-шәкірттерім еліміз бен шетелдік БАҚ-да қызмет етіп жүр. Шүкір, ізбасарлардан кенде емеспін. Біздің бөлімімізде керемет таланты ізбасарларымыз бітіріп шықты. Олар тек Қазақстанда ғана емес, түркі дүниесінің барлық елдерінде деуге негіз бар. Қазірдің өзінде өзімізден түлеп ұшқан екі шәкіртіміздің «Болашақ» бағдарламасымен Америкада білім алып жүргенін мақтанышпен айтуға болады. Ғылым жолында жүрген шәкірттеріміз де баршылық.

Қасиетті топырақты білім алған ізбасарларымыздың өз орталарында дараланып тұратыны ақиқат. Бір мысал: еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстанда» бес-алты шәкіртіміз қызмет етіп жүр. Олардың материалдары әрдайым назар аударарды. Жетпістің жетегіндегі ұстаз ретінде барша шәкірттеріміздің ұлт мүддесі жолында адал қызмет етіп, ұлттық бірегейлікті әрдайым мақсат еткендерін қалар едім. Тәуелсіз еліміз. Тәуелсіздіктің тұғыры мықты болуы тиіс. Көп мәселе қаламгерлердің, журналистердің ой-өрісіне, мақалаларындағы отты жолдарға байланысты болмақ. Іске сәт, жас достарым!

- Аға, сырлы да мағыналы сұхбатыңызға мың алғыс!

Сұхбаттасқан: «Журналистика» кафедрасының доцент м.а. Балзия БАЕШОВА

ШӘКІРТТІК ЛЕБІЗ

Барша журналистердің атасы, құрметті ұстаз, Сейдулла Садықұлы! Сізді бәріміздің қамқоршымыз, шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы болғаныңызды мақтан етеміз.

«Ұстаз ұлық емес, ұлы қызмет» дегендей, бізді білім нәрімен сусындатып, қателіктерімізге көз жұма қарағаныңыз үшін көп рақмет. Журналистиканың қыр-сырын меңгертіп қана қоймай, өмір сабақтарын да барынша үйреттіңіз. Журналистиканың әліппесі іспеттес «Журналистикаға кіріспе», «Қазақ журналистикасының тарихы» пәндерінен санамызға сөйле сыйладыңыз.

«Маман болудан бұрын адам бол! Сонда сенен жақсы маман шығады», деген сөзіңіз барлығымыздың жадымызда. Сіздің жас ұрпақтың санасына енгізген тәлім-тәрбие, үлгі өнегесіз өлшеусіз.

Ұрпақ тәрбиелеу жолындағы толымды еңбектеріңізге шын пейілмен алғыс айта отырып Сізді туылған күніңізбен шын жүреппен құттықтап, 70 жасқа толған мерейлі тойыңызда өзіңізге денсаулық ұзақ ғұмыр әулетіңізге баянды бақыт тілейміз. Шәкірттеріңіз ерқашан қуантса берсін, ұлы ұстаз!

ФЖК-911 ТОБЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



Студенттер беті

АУДИТОРИЯ

АҚ пен ҚАРА

Жаныңнан суыт
жаманды,
Қас қылар түбі
қараңды.
Жақсымен
болғын бауыр-
лас,
Ешқашанда жат
қылмас.
Қотыр жолдың
шоғы ыстық,
Адымыңды
күйдірет.
Сор маңдайың
сарылып,
Тер де түсер төгілер.
Ақ жолды таңда ша-
таспа,
Алланың нұры
төгілген.
Жақсымен өткіз
уақытты,
Жүрекке нұр төккізер.
Жаманмен жолықпа
қатты,
Сәулелі нұрды
өшкізер.
Қадамның бар



сықыры,
Көңілге бақыт
қонғызар.
Қадамның бар
тықыры,
Біреуге қайғы
тойғызар.
Ақ пен қара дүние,
Қайтесің
енді, қайтесің!

Санжар ЖАНАЛИЕВ,
ЖМ 007 топ студенті

“БӨРТЕ” - ТҮРКІСТАН ТЕАТР САХНАСЫНДА

Түркістан музыкалық драма театры Елбасы Н.Әбішұлының қолдауымен салынған еді. Аталмыш театрда 9-10 қазан күндері «Бөрте» спектаклінің премьерасы өтті. Тұңғыш рет сахналанған қойылымға еліміздің түкпір-түкпірінен өнер-мәдениет майталмандары мен өнер сүйер қауым жиналды. Жазушы, драматург Д.Исабековтің пьесасы негізінде қойылған «Бөрте» спектаклі көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Қазақ сахнасында ұмыт болған тарихымызды жаңғыртып, көрерменге көркем түрде бейнелеуші театр саңлақтарының өнері жүректі жібітіп, денені тітіркендіріп рухымызды көтерді. Спектакльде Моңғол империясының XIII ғасырдағы атмосферасына еніп, сол уақыттың тарихымен тыныстадық. Сондай-ақ, қойылымда Шыңғыс ханның жұбайы Бөрте ханымның драмаға толы, тартысты өмірі бейнеленді. Айта кетейік, Бөртеге арналған шығарма қазақ сахнасында тұңғыш рет қойылып отыр. Сахна саңлақтарының кәсібилігі мен заманауи озық технологиялық, креатив шешімдердің үйлесімділігіне құрылған

жаңа спектакль көрермен назарына 16-17 қазан күндері қайта ұсынылды. Қойылым соңында Түркістан музыкалық



драма театрының директоры Айнұр Көпжасарова алдағы уақытта осындай қойылымдар қала тұрғындары мен қонақтарына жиі-жиі ұсынылатынын жеткізді.

Динара БЕКТАС,
3-курс студенті

«БАЛАПАН» АРНАСЫ БАС ПРОДЮСЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Жуырда журналистика мамандығы студенттері «Балапан» телеарнасының бас продюсері, университет түлегі Сандуғаш Баймаханқызымен кездесті.

Кездесуде жаңа медиаға, SMM, журналистикадағы жаңа трендтерге байланысты тақырыптар төңірегінде әңгіме өрбітті. Сондай-ақ кеш қонағы өзінің журналистика саласындағы тәжірибелерімен бөлісе отырып, болашақ журналистерге ақыл-кеңестерін айтты.

Бас продюсер алдағы уақытта болатын Түркістан қаласындағы Конгресс холлда 29-30 қазан күндері қазақ анимациясының атасы Әмен Қайдар атындағы анимация фестивалі өтетінін хабарлады.

Фестивалге елімізге белгілі режиссерлер мен дубляж авторлары және басқа да анимация төңірегіндегі шығармашыл ұйымдар қатысады. Олар осы екі күнде өздерінің балаларға арналған контентін ұсынбақ.

Назерке ИМАШОВА,
3-курс студенті





Kalp Hastalığı Artıyor

Bugün, kardiyovasküler hastalık (KVH) dünya çapında önde gelen ölüm nedenidir. Dolaşım sistemi hastalıkları, özellikle kardiyovasküler hastalık sorunları, son zamanlarda küresel bir salgın haline gelmiştir. Dünya Sağlık Örgütü, bugün dünyadaki tüm ölümlerin %31'inin dolaşım sistemi hastalıklarından kaynaklandığını tahmin ediyor. Bu ölümlerin yüzde seksen beşi kalp krizi ve felç nedeniyle oldu. Son birkaç yılda Kazakistan'da kardiyovasküler hastalık teşhisi vakalarının sayısı 5-7 kat arttı ve morbidite ve mortalite açısından Kazakistan ilk sırada yer alıyor. Dünyada her yıl 17 milyon insan kardiyovasküler hastalıklardan ölmektedir. Bu sayıları azaltmak için tıpta olumlu değişiklikler olması gerekiyor. Ulusal Araştırma Kalp Cerrahisi Merkezi Yönetim Kurulu Başkanı Yuri Vladimirovich Pya'nın katılımıyla 1 Ekim'de çalıştığım Çimkent Kalp Merkezi'nde bir master class gerçekleştirildi. Master sınıfının organizatörü, «Çimkent Kalp Merkezi» nin müdür vekili D. J. Suygenbayev'di. Merkezimizden uzmanlar aktif olarak yer aldı ve başkentten kalifiye uzmanlarla birlikte çok karmaşık bir kalp ameliyatı yapıldı. 1963 doğumlu bir hastada «kronik kalp yetmezliği», EF – sadece % 20 tanısı ile kaydedildi. Genel olarak merkezimizde aynı gün içerisinde 5 karmaşık ameliyat daha yapılmıştır. Anjiyografi bölümü başkanı I.H Kerimkulov ve başkentten kalp cerrahları, aort anevrizması olan bir hastada stent nakli operasyonları gerçekleştirdi ve aort kapağının transkateter implantasyonu (TAVI) üzerine bir master class düzenledi. Bu ana sınıf, merkezin uzmanlarının mesleki gelişimine katkıda bulunur ve ihtiyacımız olan çeşitli modern tıbbi ekipmanları kullanmamıza izin verir. Bu hızda çalışmanın zamanla mortaliteyi azaltacağı açıktır. Kalp hastalıkları arasında kronik kalp yetmezliği ayrı bir nozoloji değildir, genellikle çeşitli hastalıklara ikincil bir sendrom olarak gelişir. Çoğu zaman, kronik kalp yetmezliği, koroner kalp hastalığı, akciğer, karaciğer, böbrek, endokrin hastalıkları (diyabet, tirotoksikoz, miksödem, obezite) gelişir. Bu, kalp vücudun organlarına ve dokularına yeterli oksijen ve besin sağlayamadığı için kalp kasının kasılma yeteneğinin azaldığı bir durumdur. Kalbin dolaşım sistemi zayıfladığında, akciğerlerde kan birikmesi, ayak parmaklarında ve ayak bileklerinin çevresinde ödem adı verilen bir sıvı birikmesi olur. Kalbin odacıkları, kalp kasının zayıflığı nedeniyle kalbin içinde çok fazla kan biriktirir ve bu da duvarlarının kalınlaşmasına neden olur. Böbreklere giden kan akışının zayıflaması sonucu vücut sıvı (su) ve tuz biriktirmeye başlar. Ellerde, ayaklarda veya diğer organlarda sıvı birikirse, vücut kanla dolar. Bu duruma

kronik kalp yetmezliği denir. Kalbin farklı odacıkları arasında veya kalpten aort a akan kan, kalp kapakçıklarından geçmelidir. Bu valfler, kanın içlerinden akabilmesi için açılır. Daha sonra kanın geri akışını önlemek için kapatılırlar. Bu kapakçıklar düzgün çalışmadığında kalpten tüm vücuda kan akışı bozulur. Bu, kalp yetmezliğine yol açabilir veya seyrini kötüleştirebilir. Kronik Kalp yetmezliğinde hastanın kalbinin



çalışamayacağı anlamına gelmez. Kronik kalp yetmezliğinin iki nedeni vardır. Birincisi miyokard enfarktüsü, enfarktüs sonrası ve yaygın kardiyoskleroz, hipotiroidizm, alkolik kalp hastalığı, kalp durmasında kalp yetmezliğidir. İkincisi dolaşım yani kalp kasına aşırı kuvvet uygulanmasıdır. Kronik kalp yetmezliği belirtileri - ayak bileklerinin şişmesi, ardından bacakların şişmesi, karın, kilo alımı; geceleri sık idrara çıkma, kabızlık, iştah kaybına veya mide bulantısına yol açan baş dönmesi, yorgunluk, halsizlik. Organlara ve kaslara giden kan akışının düşük olması nedeniyle hasta kendini yorgun ve halsiz hisseder. Beyne giden düşük kan akışı, baş dönmesine veya bilinç anormalliklerine neden olabilir. Kalp, yeterli kan pompalamak için daha hızlı atmaya başladığından, kalp daha hızlı veya daha az atar. Kalbi hasarlardan korumak için sigaradan, zararlı yiyeceklerden uzak durmak, kandaki kolesterol seviyesini izlemek ve alkol almamayı tavsiye etmek gerekir. Ayrıca spora eşlik etmeniz gerektiğini de hatırlatıyoruz. Meyve ve sebze tüketimini artırın, günlük şekerli içecekler yerine sade su için, ekmeğe ve un ürünlerini azaltın, daha fazla yağlı et, süt ürünleri, konserve, sos, peynir, turşu, balık, çikolata tüketin.

Makalenin Yazarı:
Raikhan BERDIBEK
AYU Tıp Fakültesi 3. sınıf öğrencisi

GAZETİNİN TÜRKİYE DİLİNE KÖŞMÜŞÜ

KAZAKISTAN BAŞMÜFTÜSÜ NAURYZBAY HACI TAGANULY ÜNİVERSİTEMİZİ ZİYARET ETTİ

Kazakistan Müslümanlarının Dinî İdare Başkanı Başmüftü Nauryzbay Hacı Taganuly, beraberindeki heyetle birlikte 12 Ekim 2021 tarihinde Üniversitemizi ziyaret etti.

Başmüftü Taganuly, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Dr. Janar Temirbekova ve İlahiyat Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Dosay Kenjetay ile birlikte Üniversitemizde 2021 – 2022 eğitim öğretim döneminde faaliyet gösterecek İlahiyat Fakültesinde incelemelerde bulunarak yapılması planlanan çalışmalar hakkında bilgi aldı.

Ziyaret, Türkistan Kültür Merkezi'nde yapılan bilgilendirme toplantısı ve hatıra fotoğrafı çekiminin ardından sona erdi.



Ahmet Yesevi Üniversitesinde "21. Yüzyıldaki Türk Dünyasının Entegrasyonu ve Kıpçakların Rolü" Sempozyumu Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Filoloji Fakültesi tarafından düzenlenen "21. Yüzyıldaki Türk Dünyasının Entegrasyonu ve Kıpçakların Rolü" temalı uluslararası sempozyum, 8 Ekim 2021 tarihinde çevrim içi olarak gerçekleştirildi.

Türkiye, Kazakistan, Azerbaycan, Kırgızistan, Özbekistan, Çuvaşistan, Başkurdistan ve Tacikistan'dan 50'yi aşkın uzman bilim insanının sunumları ile katıldığı sempozyum, Filoloji Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Abdülkadir Öztürk'ün açış konuşmasıyla başladı.

Kıpçak ve Oğuzların genel dil durumuna, Türk Dünyasının birlik ve beraberliğinin önemine değinilen sempozyumda, uzmanlar sunumlarını kendi dillerinde aktardı. Sempozyumda Kıpçak Türkçesinin sorunları, hedefleri, tarihi gelişimi ve geleceği üzerine fikir alışverişinde bulunuldu.

Program, sunulan bildilerin sonuçlarının değerlendirilmesi, soru cevap bölümü ve kapanış töreninin ardından sona erdi.



ДЕНСАУЛЫҚ

ЖҮРЕК АУРУЛАРЫ ЖИІЛЕП БАРАДЫ

Бүгінде жүрек-қан тамырлары аурулары (ЖҚА) бүкіл әлем бойынша жалпы өлім-жітімнің басты себебі болып отыр. Қан айналымы жүйесі ауруларының проблемалары, атап айтқанда жүрек қантамыр аурулары соңғы кезде әлемдік індеттің сипатын алды. ДДСҰ-ның



бағалауы бойынша, қазіргі таңда әлемдегі барлық өлімнің 31%-ын қанайналым жүйесінен болатын аурулар құрайды екен. Бұл өлім-жітімнің 85%-ы инфаркт пен инсульттан болды. Қазақстанда соңғы бірнеше жылда халықта жүрек-қантамыр жүйесі ауруларын диагностикалау жағдайлары 5-7 есе өскен, ал ауырсырғаушылық және

өлім құрылымы бойынша қазақ елі алғашқы орындарда тұр. Өлемде жыл сайын жүрек қантамырлары ауруларынан 17 млн адам көз жұмады екен. Бұл сандарды төмендету үшін, медицина саласында оң өзгерістер болуы қажет.

Өзім қызмет атқаратын «Шымкент жүрек орталығында» «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығының» басқарма төрағасы Юрий Владимирович Пяның қатысуымен қазан айының бірінші жұлдызында мастер класс болып өтті. Шеберлік сағатының ұйымдастырушы «Шымкент жүрек орталығының» директор міндетін атқарушы Д.Ж.Сүйгенбаев еді. Орталығымыздағы мамандар белсене атсалысып, елордамыздан келген білікті мамандармен бірге жүрекке өте күрделі ота жасалды. 1963 жылғы науқас “Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі” диагнозымен есепте тұрған, ФВ - 20 % ғана, науқасқа сол қарыншаның жұмысын атқаратын арнайы құрылғы орнатылды. Бұрын бұл оталар тек ғана Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығында» жасалатын, енді өзімізде жасалады. Жалпы сол күні орталығымызда бұдан басқа 5 күрделі басқада ота жасалды. Ангиография бөлімшесінің бөлім меңгерушісі И.Х.Керімқұлов пен елордалық кардиохирургтар аорталық аневризмасы бар пациентке стент трансплантациясын орнату бойынша оталар жасады және аорта қақпақшасын транскатетерлік имплантациялау (TAVI) бойынша мастер-класс өтті. Бұл шеберлік сағаты орталық мамандарының біліктілігін арттыруға өз септігін тигізіп, түрлі өзімізге қажетті заманауи үлгіде медициналық құрал-жабдықтарды қолдануға мүмкіндік беруде. Осы қарқынмен жұмыс жасау, уақыт өте келе, өлім көрсеткішін төмендетері анық. Жүрек ауруларының ішінде созылмалы жүрек жетіспеушілігі бұл өзіндік бөлек нозология емес, ол көбінесе әртүрлі ауруларға екіншілік синдром ретінде дамиды. Көбінесе, созылмалы жүрек жетіспеушілігі жүрек қантамыр ауруларында, өкпе, бауыр, бүйрек, эндокринді ауруларда (қант диабеті, тиреотоксикоз, миксидема,семіру) кездерінде дамиды. Бұл – жүректің бұлшық етінің жиырылу қабілеті төмендейтін жағдай, организмнің ағзаларына және тіндеріне оттегі мен қоректік заттарды жүрек жеткілікті мөлшерде жеткізе алмайды.


Жүректің қан айдайтын қызметі әлсірегенде өкпеде қанның жиналуы, аяқ ұшында, тобық маңайында ісіну, сұйықтықтың жиналуы орын алады. Жүректің камералары жүрек бұлшық етінің әлсіздігінің салдарынан жүректің ішінде қанды көп жинақтайды, бұл оның қабырғасының тығыздалуына апарады. Бүйректе қан ағыны әлсіреуінің нәтижесінде организмде сұйықтықтың (судың) және тұздың жинақталуы басталады. Егер сұйықтық қолда, аяқта немесе басқа ағзаларда жиналатын болса, организм қанға толады. Мұндай жағдай жүректің созылмалы іркілісті жеткіліксіздігі талады. Жүректің әр түрлі камераларының арасында немесе жүректен аортаға ағатын қан жүректің қақпақшалары арқылы өтуі тиіс. Бұл қақпақшалар олар арқылы қан өтетіндей ашылады. Одан кейін қанның кері ағынына кедергі келтіру үшін олар жабылады. Бұл қақпақшалар дұрыс жұмыс істемесе, жүрек арқылы бүкіл организмге қан ағыны бұзылады. Бұл жүректің жеткіліксіздігіне апаруы немесе оның барысын нашарлатуы мүмкін. ЖСЖ болуы науқастың жүрегі қызмет ете алмайды дегенді білдірмейді.

Созылмалы жүрек жетіспеушілігінің екі себебі бар. Біріншісі, миокардтық жетіспеушілік, жүрек бұлшықеті зақымдалуы, инфарктан кейінгі және диффузды кардиосклероз, гипотиреоз, жүректің алкогольдік зақымдалуы, ДТЖА-да жүрек зақымдалуы. Екіншісі, циркуляторлық, яғни, жүрек бұлшықетіне артық күш түсу.

Жүректің созылмалы жеткіліксіздігінің симптомдары – тобықтың ісінуі, одан кейін аяқтың, іштің ісінуі, салмақтың ұлғаюы; түнде несептің жиі жүруі, іштің көбуі, тәбетті жоғалтуға немесе жүрек айнуына апаратын бас айналуды, шаршау, әлсіздік.

Ағзаларға және бұлшық еттерге қан ағынының төмен болуынан науқас өзін шаршалуы, әлсіз сезінеді. Мидың қан айналымының төмен болуы бас айналуын немесе естің қалыпты болмауын туындатуы мүмкін. Жүректің тез немесе ұдайы емес соғуы, себебі, қанның жеткілікті мөлшерін айдау үшін жүрек тезірек соға бастайды.

Жүректі зақымданудан қорғау үшін темекіден, зиянды тағамдардан бас тарту қажет және қандағы холестерин мөлшерін бақылап, алкоголь тұтынбауға кеңес береміз. Сонымен қатар, спортты жанына жолдас ету қажеттігін еске саламыз. Жеміс-жидек пен көкөніс тұтуну мөлшерін арттыру, күнделікті құрамында қанты бар сусындардың орнына қарапайым су ішіп, нан және ұн өнімдерін азайту, майлы етті, сүтті тағамдар, консерві, шұжық, ірімшік, маринадталған тағамдар, балық, шоколад сияқты азықтарды көп тұтынбау, ашушаңдыққа бой алдырмай, таза ауада жүгіру керек. Қант, май және калория көлемі жоғары азықтардың құнарлығы төмен болады. Сондықтан, салмақты бақылауда ұстап, артық салмақтан арылу қажет. Сонымен қатар, жүректі әр 6 ай сайын тексеріп тұруды да ұмытпаған жөн.



Райхан БЕРДІБЕК
3-курс студенті

АМЕРИКАНЫҢ АТАҚТЫ ГАРВАРД УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАБЫРҒАСЫНДА СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ОСЫНДАЙ СӨЗДЕР ЖАЗЫЛЫПТЫ:

1. Егер сен қазір ұйықтап кетсең, онда саған, әрине, арманың түсіңе кіреді. Егер де, ұйқының орнына, сен, оқуды таңдасаң, онда сен арманыңды өмірде іске асырасың.
2. Сен тым кеш деп ойлағанмен, шын мәнінде, әлі ерте.
3. Оқу азабы, тек уақытша ғой. Білімсіздің азабы – мәңгілік.
4. Білім – ол уақыт емес. Білім – ол күш.
5. Өмір – ол тек қана оқу емес, бірақ, егер өмірдің осы бөлігінен де өте алмасаң тіпті неменеге қабілетің бар?
6. Күш пен қуат салып оқығаныңнан рақаттануың мүмкін.
7. Тек ерте жасайтын, тек күш салатын адам ғана өзінің жетістігімен, ерекше сүйсіне алады.
8. Бәріне үлгеру, әркімнің қолынан келе бермейді. Бірақ, сәттілік, тек өздігінен жетілумен және батылдығымен бірге келеді.

9. Уақыт зымырап барады.
10. Бүгінгі сілекейлерің, ертеңгі көз жастарың болады.
11. Болашаққа бірдеңе сіңірген адамдар – реалистер.
12. Сенің жалақың, сенің біліміңнің деңгейімен тікелей тепе-тең.
13. Бүгін, ешқашан қайталанбайды.
14. Тіпті қазір сенің жауларың, кітаптың беттерін құшырлана ашып жатыр.
15. Терлемесең, табыс таппайсың.

P.S. Бөлісіп достарыңызға, шәкірттеріңізге жігер, рух, мотивация беріңіз!

Maksat Skakovtyn парақшасынан

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru